



22-ХАЖ СҮРЕЦІ

Мединеде түскен, жетпіс сегіз аят.
 Аса қамқор, ерекше мейірімді
 Алланың атымен бастаймын.
 Эй адам баласы! Раббыларыңдан
 қорқындар. Расында қияметтің
 сілкінісі үлкен нәрсе. (1) Ол күні, әр
 емізушінің емізгенін ұмытқанын
 және әрбір буаз жәндіктің іш
 тастағанын көресің. Адамдарды мас
 турде көресің. Негізінде олар мас
 емес. Бірақ Алланың азабы қатты.
 (2) Адамдарың кейі, Алла жайында
 білмей таласады да қасарысқан
 шайтанға ілеседі. (3) Негізінде кім
 шайтанды дос көрсе; ол, оны
 адастырып, тозақ отына бастайды
 деп жазылған. (4) Эй адам баласы!
 Егер өлгеннен кейін тірілуден
 күдіктенсөндөр, әрине біз сендерді
 топырақтан сонаң соң жыныстық
 тамшыдан, кейін үйіған қаннан




тағы бейнеленген, бейнеленбеген
 кесек еттен өздеріңе тектерінді
 білдіру үшін жараттық. Сондай-ақ
 жатырларда қалаған мерзімге дейін
 қойып қоямыз. Сонында бебек
 түрінде шығарамыз. Одан кейін
 ержетесіндер. Кейбіреулерің қайтыс
 болып, кейбіреулерің әр нәрсені
 білгеннен кейін түк білмейтін
 өмірдің ең нашарына
 қайтарыласындар. Қураган жерді
 көресің. Оған жаңбыр жаудырсақ,
 құлпырып, көпсіді де әр түрлі
 көркем өсімдік өндірді. (5)




Осы дәлелдер бойынша, шын мәнінде Алла; Ол, хақ. Құдіксіз Ол, өлікті тірілтеді. Өйткені, әр нәрсеге күші жетеді. (6) Әлбетте қиямет келеді. Онда құдік жоқ. Шәксіз Алла, қабырдағыларды тірілтеді. (7) Адамдардың кейі; білімсіз, жолбасшысыз және сәуле беруші кітaby да жоқ. Алла жайында таласады. (8) Алланың жолынан адастыру үшін тоң мойындық істейді. Оған дүниеде қорлық бар. Әрі қиямет күнінде, жандырушы азаптың дәмін таттырамыз. (9) "Бұл

бұрыннан қолекі істегендеріңің сазайы." Расында Алла құлдарына үзілімдік қылушы емес. (10) Адамдардан Аллаға неміңдікі құлшылық қылатындар бар. Егер оған бір жақсылық келсе, сол себепті көңілдері орнығады да егер оған бір кесір тисе; жалтарып, дүние, ахиретте зиян тартады. Міне бұл ашиқ зиян. (11) Олар Алладан өзге өздеріне пайда, зиян бере алмайтын нәрселерге сиынады. Міне сол үзақ адасу. (12) Сөйтіп олар, пайдасынан зияны жақын біреулерге сиынады. Эрине нендей жаман қожайын! Нендей жаман сыйайлас! (13) Құдіксіз Алла, иман келтіріп, түзу іс істегендерді, астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізеді. Шынында Алла қалағанын істейді. (14) Кім; Алла, дүние, ахиретте пайғамбарға әсте жәрдем етпейді деп, ойласа, дереу бір жіппен төбеге асылып, сосын соны кессін де көрсін. (Буынып, өліп көрсін.) Оның бұл амалы ызаланған нәрсесін келтіре ала ма? (Ж.Б.М.К.Р.) (15)



Сөйтіп Құранды ашық-ашық аяттар түрінде түсірдік. Рас Алла, қалағаның тұра жолға салады. (16) Расында иман келтіргендер, Яңуди болғандар, Сабилар, Христиандар, Мәжүсилер және Аллаға шерік қосқандар, құдіксіз Алла, осылардың арасына билік айтады. Шын мәнінде Алла әр нәрсеге айғақ. (17) (Сәждे аяты бар.) (Мұхаммед F.C.) көрмейсің бе? Аллаға; көктерде, жерде болған әркім; күн, ай, жұлдыздар, таулар, ағаш, хайуандар және адамдардың көбі сәждे қылады. Және де олардың көбіне азап тиісті болған. Алла кімді қорласа, сонда оны, ешбір құрметтеуші болмайды. Құдіксіз Алла, қалағаның істейді. (18) Осы, Раббылары жайында таласқан екі әріптес: Қарсы болғандарға, оттан киім пішілген, тәбелерінің устінен қайнал тұрған

су құйылады. (19) Онымен олардың ішіндегілері және терілері ерітіледі. (20) Олар үшін темірден күрзілер болады. (21) Қашан олар, тозақтың бейнетінен шығуды қаласа, оған қайта итеріледі де: "Жандыруши азаптың дәмін татыңдар!", – (делінеді.) (22) Құдіксіз Алла; иман келтіріп, ізгі іс істегендерді, астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргізеді. Олар онда алтын және інжу білезіктермен безенеді. Ондағы киімдері де жібек болады. (23)




Олар, көркем сөзге көндіріліп, мақтаулы Алланың жолына салынғандар. (Көркем сөз: Алладан басқа ешбір тәңір жок. Ж.Б.М.К.Р.) (24) Шынында қарсы болғандарга, Алланың жолынан сондай-ақ Біз; оның тұрғындарымен шеттеп келуші адамдарға тең қылған Месжід Харамнан тосқандарға және кім онда зұлымдықпен жолдан шығуды қаласа, оған жан түршігерлік азаптың дәмін таттырамыз. (25) Сол уақытта ыбырайым (F.C.) ды Кағбаның

орына: "Маган ешбір нәрсөні ортақ қоспа! Тауп етушілерге, тік тұрып, ең кейіп және бас қойып, құлшылық қылышыларға таза тұста" деп, орналастырган едік. (26) Адамдарды хажға шақыр. Олар жаяу және көлік түстінде әрбір алыс жолдардан саған келеді. (27) Олар өздеріне тән пайдаларын көрсін. Сондай-ақ өздеріне берілген майдардан белгілі қындерде Алланың атын алсын. (Құрбан шалсын.) Одан өздерің де жендер және жоқ-жітікке де жегізіңдер. (28) Соңан соң олар кірлерін кетірсін. (Шаш, тырнағын алып, ыхрамнан шықсын.) Және айтқан нәзірлерін орындаپ, Кағбаны тауп қылсын. (29) Міне осы, кім Алланың ардақтағандарын жоғары бағаласа; сонда оған Раббыларының қасында хайырлы. Сендерге арамдығы білдірілгеннен басқа майдар, халал қылышынды. Ал енді нәжіс бүттардан сақтаныңдар. Сондай-ақ өтірік сөздерден сақтаныңдар. (16-С.116-А.) (30)

Нағыз құл болып, Аллаға ортақ қоспаңдар. Кім Аллаға ортақ қосса; Сонда ол, көктен түсіп, оны құс іліп, әкететін немесе оны, үзаққа жел үшірып кеткен нәрсе сияқты. (31) Міне осы. Кім Алланың белгілерін ұлықтаса; күдіксіз ол, жүректің тақуалығынан. (32) Құбандықтан белгілі мерзімге дейін пайдаланулатың болады. Сосын ол Кағбаның жаңындағы орнына апарылады. (Қашан шалынғанга дейін мінуге, артуға, төлінен, сүтінен, жұнінен пайдалануға болады. Ж.Б.М.К.Р.) (33) Біз әрбір үймет үшін, өздеріне берген малдардан, Алланың ғана атын атап, құрбан шалуды бекіттік. Өйткені, Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Сондықтан Соған бой ұсыныңдар. (Мұхаммед!) Ықыластыларды қуандыр. (34) Олар, қашан Алла зікір етілсе, жүректері дүпілдейді. Өздеріне келген ауыршылыққа шыдап, намазды орындағы отырып, берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. (35) Түие, сиырды (Б.М.К.Р.) сендер үшін; Алланың белгілері (құрбандықтары) қылдық. Мұнда сендер үшін хайыр бар. Оларды тұргызып қойып, оған Алланың атын айтыңдар. Сонда қашан олардың жамбастары жерге тисе (жаны шықса) жеңдер де мұхтараж да мұхтараж емеске де жегізіңдер. Өстіп шұқір етулерің үшін; малды еріктеріне бердік. (36) Ешқашан құрбанның еттері,




қандары Аллаға үлгірмейді. Бірақ сендердің тақуалықтарың үлгіреді. (Араптар жаъилиет заманында Кағбаның қабыргасына құрбанның еттерін асып, қандарын жағатын. Б.М.К.Р.) Сендерге тура жол көрсеткен Алланы, ұлықтауларың үшін; осылайша малды, еріктеріне бердік. (Мұхаммед F.C.) жақсылық істеушілерді қуандыр. (37) Күдіксіз Алла, иман келтіргендерді қоргайды. Эрине Алла, бүкіл қианатшыл, қасарысқандарды жақсы көрмейді. (38)




Шынында шабуыл жасалып, зұлымдыққа үшырағандарга, соғысу түшін рұхсат берілді. Құдіксіз Алланың, оларға жәрдем етуге, күшті толық жетеді. (39) Олар, сондай жазықсыз: "Раббымыз Алла" дегендіктерінен ғана жүрттарынан шыгарылғандар. Егер Алла; адамдарды, бірін-бірі арқылы қорғамаса, Манастырлар, Чиркеулер, Яьудилердің құлшылық орындары және ішінде Алланың аты көбірек зікір етілетін мешіттер құлатылар еді. Кім Алла жолына жәрдем етсе,

Алла оған жәрдем етеді. Шәксіз Алла, аса көруші, тым үстем. (2-С. 251-А) (40) Егер оларды жер жүзінде орналастырсақ; олар, намазды орындар, зекет берер сондай-ақ дұрысқа қосып, бұрыстан тосар еді. Негізінде істердің соңы Аллаға тән. (41) (Мұхаммед F.C.) егер олар, сені жасынға шыгарса, рас олардан бұрын Нұх (F.C.) тың елі және Фад, Сәмүт елі де жасынға шыгарған болатын. (42) Сондай-ақ ыбырайым (F.C.) елі және Нұх (F.C.) елі де. (43) Сондай-ақ Мәдяндықтар да жасынға шыгарып, Мұса да жасынға шыгарылған еді. Сонда ол кепірлерге мұрса беріп барып, сосын қолға алдым. Танымай қалай екен? (44) Қаншалаған залым болған кенттерді типыл қылдық. Міне ол, түсті-астына түсіп жатыр. Және иен қалған құдық, ойран болған сарай. (45) Олар жер жүзінде кезіп журмеді мә? Сонда олардың түсінер жүректері және естір құлақтары болса еді. Негізінен көздері соқыр емес. Бірақ көкіректеріндегі жүректері соқыр. (46)



(Мұхаммед F.C.) олар сенен азаптың тез келуін тілейді. Алла үедесінен есте айнымайды. Негізінде Алланың қасындағы бір күн, сендер санайтын мың жылмен тең. (47) Қашшалаган кенттерге ол залым бола тұра мұрса беріп барып сонаң соң қолға алды. Эрине барап жері де Біз тарап. (48) (Мұхаммед F.C.): "Әй адамдар! Шын мәнінде мен сендерге ашық ескертуші ғанамын" де. (49) Ал иман келтіріп, тұзу іс істегендер, оларға жарылқау әрі құрметті несібе бар. (50) Сондай аяттарымызды бұзуга тырысқандар, міне солар тозақтық. (51) (Мұхаммед F.C.) Сенен бұрын да, елші не пайғамбар жіберген болсақ, қашан ол үміттенсе, үмітіне шайтан күдік салды. (Немесе қашан ол оқыса, оқуына шайтан күдік салды. Ж.Б.М.К.Р.) Алла шайтанның салатының жойып, сосын өз аяттарын бекемдейді. Алла толық білуші, хикмет иесі. (52)

Шайтанның салатынын; жүректері қатайғандарға, сынақ үшін. Залымдар, әрине үзақ бір қайшылықта. (53) (Мұхаммед F.C.) ғылым берілгендер, Құранның Раббынан бір хақиқат екендігін біліп, оған сеніп және оған жүректері берілуі үшін. Күдіксіз Алла, иман келтіргендерді әлбетте тұра жолға салды. (54) Сондай қарсы келгендер, әздеріне кенеттен қиямет келгенге немесе сәтсіз бір күннің азабы келгенге дейін үнемі Құраннан күдіктенуде. (55)




Сол күні, иелік Аллаға тән. Олардың араларына үкім жүргізеді. Сонда иман келтіргендер, ізгі іс істегендер, бақытты жаннатарда болады (56) Қарсы келіп, аялтарымызды жасынға айналдыргандар, міне соларға қорлаушы азап бар. (57) Ал Алла жолында босқандар, сосын өлтірілген немесе өлгендер, әлбетте Алла оларға көркем несібе береді. Құдіксіз Алла, әрине Ол, несібе берушілердің жақсысы. (58) Алла оларды разы болатын орынға

кіргізеді. Рас Алла, аса білуші, өте жұмсақ (59) Міне осылай; кім өзіне істелгендей ғана істеген бола тұра; ол, қайта бұған соқтыкса, әрине Алла, оған жәрдем етеді. Құдіксіз Алла, аса кешірімді, өте жарылқаушы. (60) Міне шын мәнінде Алла, түнді күндізге қосып, күндізді түнге қосады. Құдіксіз Алла, әр нәрсені естиді, көреді. (61) Міне құдіксіз Алла, Ол хак. Расында олардың Алладан өзге сиынғандары ол, босқа. Рас Алла, Ол өте жоғары, аса ұлы. (62) Қөрмейсің бе? Рас Алла, көктен жаңбыр жаудырып, жерді жасылдыққа айналдырды. Шәксіз Алла, өте мұлайым, толық білуші. (63) Қектердегі әрі жердегі нәрселер Алланікі. Шынында Алла, өте бай, аса мақтаулы. (64)

Рас Алланың, жердегілерді және өзінің
әмірімен теңізде жүрген кемені
сендерге бағынышты қылғанын
және де ез бүйрығынсыз көктің
жерге тұсуін тоқтатқанын
көрмейсің бе? Құдіксіз Алла, адам
баласына, әлбетте өте есіргеуші, аса
мейірімді. (65) Ол сондай Алла,
сендерді тірілтті, сосын өлтіреді,
сонан кейін және тірілтеді. Расында
адам баласы нәсткір. (66) Эр түмет
түшін, олар орындастын бір ереже
жасадық. (5-С.48-А.) Ендеше
(Мұхаммед F.C.) олар, сенімен бұйсун
жайында тартыспасын. Раббың
жаққа шақыр. Сен әлбетте тура жол
түстіндесің. (67) Егер олар сенімен
таласса: "Алла, не істегендерінді
жақсы биледі" де. (68) Алла, қиямет
күні, араларыңдағы қайшылықта
түскен нәрселер жайында үкім
береді. (69) Алланың жер, көктегі
нәрселерді білетінін білмейсің бе?
Шәксіз бұлар, Кітапта жазулы.
Құдіксіз бұл, Аллаға оңай. (70)

الْمَرْءَ إِنَّ اللَّهَ سَخَّرَ لَكُمْ مَا فِي الْأَرْضِ وَالْفَلَكَ تَحْمِلُونَ
بِأَثْرِهِ وَيُعْسِكُ السَّكَنَاءَ أَنْ تَقْعُدَ عَلَى الْأَرْضِ إِلَيْهِ يَوْمَ الْحِسْبَارِ
اللَّهُ بِمَا لِلنَّاسِ لَهُ وَرِحْمٌ ۖ وَهُوَ الَّذِي أَخْيَأَكُمْ
ثُمَّ يَمْتَكِمُ ثُمَّ يُحِسِّكُمْ إِنَّ الْإِنْسَانَ لَكَفُورٌ ۝
لِكُلِّ أُمَّةٍ جَعَلْنَا مِنْكُمْ هُنَّا نَاسٌ كُوُهٌ فَلَا يُنَزَّعُنَّكُمْ
فِي الْأَمْرِ وَادْعُوا إِلَيِّنِي إِنِّي أَلْمَنُ هُنَّيِّ مُسْتَقِيرٌ
وَإِنْ جَنَدُوكُمْ فَقُلْ لَهُمْ أَعْلَمُ بِمَا تَعْمَلُونَ ۝ اللَّهُ يَعْلَمُكُمْ
يَعْلَمُكُمْ بِمَا فِي الصُّمَدِ فِيمَا كَتَمْتُ فِيهِ تَخْلُقُونَ ۝
الْمَرْءُ لَعْمَ أَنَّ اللَّهَ يَعْلَمُ مَا فِي السَّكَنَاءِ وَالْأَرْضِ إِنْ ذَلِكَ
فِي كِتَابٍ إِنْ ذَلِكَ عَلَى اللَّهِ سِيرٌ ۝ وَعَبْدُوْنَ وَنِدُوْنَ
اللَّهُ مَا مَنَّا لَهُ مُسْلِطَنًا وَمَا لِيَسْ لَهُ مُهِمَّةٌ عِلْمٌ وَمَا لِظَّالِمٍ
مِنْ نَصِيرٍ ۝ وَإِذَا نَتَلَ عَلَيْهِمْ أَيْتَنَا بَيْتَنِتْ تَعْرِفُ فِي
وَجُوهِ الْأَئِرِ كَهْوَ الْمُنْكَرِ كَيْكَادُونَ يَسْطُونَ
بِالَّذِينَ يَتَلَوَّنُونَ عَلَيْهِمْ إِذَا نَتَلَ عَلَيْهِمْ أَيْتَنِشِكُمْ شَرِّونَ
ذَلِكُمُ الْأَنَارُ وَهُدَاهُ اللَّهُ الَّذِينَ كَفَرُوا وَأُوْشِيَ الصَّيْرَ ۝

Олар, Алладан өзге, оған ешбір дәлел түсірімеген және ол жәнде өздеріне де ешбір мәлімет болмagan нәрселерге табынады. Ол залымдар үшін, бір жәрдемші болмайды. (71) Қашан оларға ашық аяттарымыз оқылса, кәпірлердің жұздерінен қарсылық сезесін. Сондай-ақ оларға аяттарымызды оқығандарды бассала жаздайды. (Мұхаммед F.C.) оларға: "Енді сендерге бұдан да жаманның хабарын берейін бе? Ол, от! Алла оны, қарсы болғандарға уәде еткен нендей жаман орын!" – де. (72)



٣٤١

Эй адам баласы! Бір мысал келтірілді. Енді соған құлақ салындар: Сендердің Алладан өзге табынғандарың, барлығы жиылса да әсте бір шыбын жарата алмайды. Сондай-ақ егер шыбын олардың бір нәрсесін алып қашса, одан оны құтқара алмайды. Өйткені, іздеуші де ізделген де нашар. (73) Олар Алланың қадырын біліп, шын мәнінде бағалай алмады. Алла аса қүшті, ете үстем. (74) Алла, періштелерден де адамдардан да елшілер ғана белгіледі. Шексіз

Алла, әр нәрсені аса естуші, тым көруші. (75) Олардың алдарындағыны да арттарындағыны да біледі. Сондай-ақ барлық іс Аллаға қайтады. (76) Эй иман келтіргендер! Рұқығ, сәждे қылып, Раббыларыңа ғибадат қылындар. Және хайыр қылындар. Эрине құтыласындар. (77) Алла жолында шынайы түрде күресіндер. Сендерді Ол таңдады. Сендерге дінде қындық қылған емес. Аталарың Ыбырайым (F.C.) ның жолы. Алла бұрын да осы Құранда да пайғамбардың сендерге куә болуы, сендердің де адамдарға куә болуладың үшін, "Мұсылман" деп атады. Енді намазды толық орындаңдар, зекет беріңдер де Аллаға жабысындар. Иелерің Сол; нендей жақсы ие. Нендей жақсы жәрдемші! (78)